

О. НҮСҚАБАЕВ

социология ғылымдарының докторы, профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz

ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ТҮРКТЕКТІ ЭТНИКАЛЫҚ ТҮЗІЛІМДЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақтардың және түрктестес 200-ден астам еуразиялық этностардың шығу тегінің қайнар бастауында тұрған түпкі ата-бабалық жұрттардың болмыстық тарихы сараланады. Ғылыми айналымға жаңадан кіріктірілген соны антропологиялық, археологиялық, этносоциологиялық, этнолингвистикалық және ДНК-генеалогиялық айғақтық мәліметтер аясында түп тектегі ата-бабалық жұрттардың тұрғылықты өңірлеріндегі табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес қалыпталанған өмірлену, шаруашылықтану және мәдениеттену үлгілері салыстырыла отырылып талданады.

Түп негіздегі арғы түрктесті халықтардың Сібірде аяқтанып, қанаттанғандығын растамалайтын артефактілік айғақтар жеткілікті. Мұның растамасына Сібірден табылып, аршылған және түрктесті халықтардікі екендігі дәлелденген монументті ескерткіштерді, материалдық және рухани дүниелерді он-ондап мысалдауға болады.

Алтай обаларынан табылған мәйіттерді зерттеу барысында, атап айтқанда, Пазырық мәдениетінен қазып алынған мүрделердің бет-әлпеттерінде еуропеоидты және монголоидты расалардың аралас белгілері байқалған, яғни еуропалық және моңғол рассалық адамдардың аралас өмір сүргендігінің белгілері анықталды. Ал Құлажорға мәдениеті Пазырық мәдениеті үлгілерінің жаңа сатыдағы жалғасы деп бағаланған. Обалардан адам сүйектерімен бірге хайуанат стилінде өрнектелген зергерлік бұйымдар көп табылған. Солардың ішінде бұғының, бүркіттің, таутекенің, бөрінің және үй малдардың бейнелері өте тартымды бейнеленген. Осыған қарағанда Таулы Алтай өңірі халқы мәдениеті, шаруашылығы, діни сенімі берік мемлекеттік құрылымда болғаны айқындалды.

Мақалада Еуразиялық кеңістіктің барлық өңірлеріне жайыла қоныстанған Хунгураттардың Таулы Алтайда мекендегендері де өзгелері сияқты небір мәдениет ошақтарын орнықтырғаны нақтыланады. Бұған осы өңірлердегі ескілікті елді мекендерден және қорымдардан қазып алынған мәдени ескерткіштер, мүсіндер, балбалдар, бейнелеу өнері суреттері, ою-өрнекті бұйымдар, өндіріс өнімдері қалдықтары, жерлеу рәсімдері, дүниетанымдық бейнелер куә болады.

Кілт сөздер: Гапло топтар, Хуньюй, Куэй, Гүйфан, Шығай, Шығай (тартар) мемлекеті, Сібір татарлары, жер-су, елді мекен аталымдары, археологиялық қазбалық дәлелдемелер.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Нұсқабаев О. Еуразиялық кеңістіктегі түрктесті этникалық түзілімдер // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2021. – №4 (122). – Б. 156–170. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.14>

***Cite us correctly:**

Nuskabayev O. Euraziialyq kenistiktegi turktekti etnikalyq tuzilimler [Turkic Ethnic Formations in the Eurasian Space] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2021. – №4 (122). – B. 156–170. <https://doi.org/10.47526/2021-4/2664-0686.14>

O. Nuskabayev

*Doctor of Sociological Sciences, Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz*

Turkic Ethnic Formations in the Eurasian Space

Abstract. The article analyzes the way of life and living conditions of the ancestors who stood at the origins of the origin of the Kazakhs and other more than 200 indigenous ethnic groups of Eurasia. Based on the data of new anthropological, archaeological, ethnosociological, ethnolinguistic and DNA-genealogical studies integrated into scientific circulation, life support, management and cultural studies models formed in accordance with the natural and climatic conditions in the regions of residence of the ancestors of indigenous origin are compared and analyzed.

There are enough artifacts indicating that the ancient Turkic peoples originate in Siberia. To confirm this, we can cite dozens of examples of monumental monuments, the material and spiritual world, found in Siberia, uncovered and proven by the Turkic peoples.

During the study of corpses found in Altai graves, in particular, on the faces of corpses excavated in the Pazyryk culture, mixed signs of the Caucasoid and Mongoloid races were found, which are signs of a mixed life of European and Mongolian races. The shark marine culture was evaluated as a continuation of a new stage of the samples of the Pazyryk culture. In the mounds, along with human bones, many ornaments decorated with a pattern in the animal style were found. Among them, images of deer, eagles, argali, wolves and livestock are very attractively depicted. In this regard, it is determined that the population of the Gorno-Altai Territory was in a strong state structure with a strong culture, economy, and religious beliefs.

The article clarifies that the Hunkurats, who settled in all regions of the Eurasian space, like others inhabited the Altai Mountains and founded cultural centers. This is evidenced by cultural monuments, sculptures, balbals, images of fine art, ornamental products, remnants of production products, funeral rites, ideological images excavated in settlements and burial grounds of these regions.

Keywords: Haplogroups, Hongyu, Kuei, Guifang, Sagay, The state of Sagay (The state of Tartar), Siberian Tatars, Names of localities, Archaeological fossil evidence.

О. Нускабаев

*доктор социологических наук, профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz*

Тюркские этнические образования на евразийском пространстве

Аннотация. В статье анализируется быт и условия жизни предков, стоявших у истоков происхождения казахов и других более чем 200 коренных этносов Евразии. На основе данных новых антропологических, археологических, этносоциологических, этнолингвистических и ДНК-генеалогических исследований, интегрированных в научный оборот, сопоставляются и анализируются модели жизнеобеспечения, хозяйствования и культурологии, сформированные в соответствии с природно-климатическими условиями в регионах проживания предков коренного происхождения.

Существует достаточно артефактов, указывающих на то, что древние тюркские народы происходят из Сибири. В подтверждение этому можно привести десятки примеров

монументальных памятников, материального и духовного мира, найденных в Сибири, открытых и доказанных тюркскими народами.

При изучении трупов, найденных в алтайских могилах, в частности, на лицах трупов, раскопанных в Пазырыкской культуре, были обнаружены смешанные признаки европеоидной и монголоидной рас, которые являются признаками смешанной жизни европейских и монгольских рас. А Кулажорская культура была оценена как продолжение нового этапа образцов Пазырыкской культуры. В курганах, наряду с человеческими костями, было найдено множество украшений, украшенных узором в зверином стиле. Среди них очень привлекательно изображены изображения оленей, орлов, архаров, волков и домашнего скота. В связи с этим определено, что население Горно-Алтайского края находилось в прочном государственном устройстве с сильной культурой, хозяйством, религиозными убеждениями.

В статье уточняется, что хункураты, расселившиеся по всем регионам Евразийского пространства, как и другие населяли Горный Алтай и основали культурные центры. Об этом свидетельствуют памятники культуры, скульптуры, балбалы, изображения изобразительного искусства, орнаментальные изделия, остатки продукции производства, погребальные обряды, мировоззренческие образы, раскопанные в поселениях и могильниках этих регионов.

Ключевые слова: Гапло группы, Хуньюй, Куэй, Гуйфан, Сагай, Государство Сагай (Государство тартар), Сибирские татары, названия населенных пунктов, доказательство археологических данных.

Кіріспе

Түпкі түрктөкті рулық қауымдар бұдан 23 мыңдай жыл бұрын-ақ, Орталық Азияда оқтын-оқтын орын алып отыратын әрқилы табиғи-климаттық (не ызғарлы-аязды, не құрғақшылықты) жағдайларға байланысты әр тарапқа ауа көшіп, жиі қоныс аударып отырған. Оның дәлеліне соңғы ДНК-генеалогиялық мәліметтерді мысалдауға болады. Мысалы, американдық ғалым А. Клесовтің дәлелдемесі бойынша, бүгінгі еуропалық халықтардың басым көпшілігін бұдан 22 мыңдай жыл бұрын Орталық Азиядан Еуропаға қоныс аударған әрі ешбір қоспасыз таза орталықазиялық рулық қауым делінетін R1b гаплотобынан бұтақтанған жұрттар құрайды [1]. Ал, америкалық үндістердің 90 пайызынан астамын Орталық Азиядан Беринг бұғазы арқылы Америкаға асқан Q гаплотобынан ұрпақтанғандар құрайтындығы бұрыннан белгілі жәйт.

Жоғарыда мысалданған мәліметтерге қарап орталықазиялық түпкі түрктөкті жұрттар түгелімен әлемнің түкпір-түкпіріне ауа көшіп, қоныс аударып кеткен екен дегендей ой тумасы анық.

Түпкі түрктөкті жұрттардың ешқайда да ауа көшпей, ата мекендерінде өмірленіп қалғандары бұрынғысынша тіршіліктеніп жатты.

Зерттеу әдістері

Мақалада қазақтар мен түрктөктес екі жүзден астам еуразиялық этностардың шығу тегі, болмыстық тарихы сараланды. Ғылыми айналымға жаңадан енген антропологиялық, археологиялық, этносоциологиялық, этнолингвистикалық және ДНК-генеалогиялық айғақтар арқылы түрктөктес этностардың тұрғылықты өңірлеріндегі табиғи-климаттық жағдайларға сәйкес қалыптасқан өмір сүру қалпы, шаруашылығы және мәдениет үлгілері салыстырыла талданды.

Талдау мен нәтижелер

Орталық Азияның шығысында мекендеген түпкі түрктөкті жұрттар, Қытайдың ұлы тарихшысы Ван Го-вэйдің жазбаларында айғақталғандай, Жұңғоны (Орталық мемлекет)

теріскейі мен батысынан қоршай мекендеген. Олар өсіп-өніп көбейе келіп мыңдаған руларға, жүздеген тайпаларға, ондаған ұлыстық халықтарға бөлініп кеткен.

Осыған қарай олар не өздерінің рубасы, не тайпа көсемі, не ұлысты жұрт, не өздері жерсініп отырған аймақ аталымдарымен атамаланып кетіп отырған. Солардың бірі хуньюйлер (хунгур) болған.

Бұл халық алғашында Хуанхэнің (Сарыөзен) екі бетін ала Сары теңізге дейін мекендеген. Өсіп-өніп көбейе келіп теріскейінде – тайганың түстігі, батысында Ертіс өзені алаптары, оңтүстігінде – Тибет пен Шығыс Түркістан аралығына жайыла қоныстанған.

Хуньюйлердің өте ерте дәуірлерде-ақ өз мемлекеті болған. Ж.с.д. 7–6 мыңжылдықтарда Азияның оңтүстігінен ауып келіп, Янцзының (Қызылөзен) түстігіне келіп қоныстанған тайлар (қытайлардың түп тегіндегі жұрт) хуньюйлермен араласа-құраласа өмірленген. Осыдан болар көнеқытайлық дереккөздерде хуньюйлер туралы мағлұматтар өте мол. Айталық жоғарыда аты аталған Ван Го-вэйдің жазбаларында хуньюйлер туралы мынадай мәліметтер берілген.

«Хуньюй» ханзуларды теріскей және батыс жағынан қоршай жерсінген түздік халықтың қытайша аталымы. Ал, олар өздерін «Хунгур» деп атайды. Бұл ұғым-түсінік екі сөзден құралған. Алғашқы бөлігіндегі «хун»-ы ілкі түрік тілінде «адам», «халық» дегенді білдірген, «гур»-ы табынушы деп түсінілген. Аталым толық мағынасында «Күнді жаратушымыз, тәңіріміз» деп танып, оған табынушы халық деген мағынада ұғынылған. Ханзулар кейде хуньюйлерді «Куэй», яғни «күнге табынушы халық» деп те ұлықтаған. Ал, хуньюйлердің жойқын шапқыншылықтарын бастарынан өткеріп, қырғынданған замандарда оларды қарғап-сілеп «гүйфаң» деп кемсітіп атамалаған. Ұғым-түсініктегі «гүй»-і «жын-шайтан», ал «фаң»-ы «мемлекет» дегенді білдірген. Яғни хуньюйлер дегеніміз жын-шайтандар мемлекетінің халқы делініп мазақталған. Тіптен беріректе қытайлар хуньюйлерді «хяньюнь» (адал берілген ит), саужоу (шөп ботқа), сюньну (киқар құлдар), ди (солтүстік жабайылары), жүң (батыс жабайылары), ди-жүң (олардың бәрі жабайылар) деп те атамалаған. Тек, ж.с.д. VII ғ. қытайлар хуньюйлерді қайтадан өзіндік халықтық аталымымен, тек бұрынғы «хуньюй» аталымының соңғы жағындағы «юй»-ді ілкі түрк тілінде көптікті білдіретін «ну» жалғауымен алмастырып алып «Хунну» (адамдар, мемлекетті халық) деп атамалай бастаған [2].

Ал, қазіргі қытай ғалымдарының зерттеулері бойынша, бүгінгі Қытайдың солтүстігінде Шаньси, Хубэй және Шэньси провинциялары халқының басым көпшілігін (шамалап айтқанда 150 млн.-дайын) хуньюйлердің ханзуларға сіңісіп кеткен ұрпақтары құрылымдайды [3].

Бұл деректі терістеудің өзі ұят.

Өйткені Хүн империясы құрдымға кеткеннен кейін оның біршама жұрты өз еріктерімен Хан империясына боданданған болатын.

Хұндардың қытайларға боданданудан қашқақтаған бөлігі алып дала төсінде ж.с. I–XII ғғ. аралығында ондаған ірі мемлекеттер құрды. Солардың ішінен тарих парағына ілігіп, жазбаланып қалғандары Сяньби мемлекеті (I–IV ғғ.), Еуропалық (Батыс) Ғұн империясы (IV–VII ғғ.), Жужан қағанаты (IV–VI ғғ.), Түрк қағанаты (VI–VIII ғғ.), Ұйғыр хандығы (VII–IX ғғ.), Қидан империясы (X–XII ғғ.).

Соңғы аталған, яғни Қидан мемлекетімен қатар әрі соның батыс шекарасынан Каспий теңізі мен Еділ өзеніне дейінгі аралықта орналасқан Шығай (Сығай) мемлекеті туралы ешқандай мағлұмат деректелмейді. Ал, шындығында бұл мемлекет туралы қытайлық және батыстық тарихи әдебиеттерде өте тартымды жазбалық деректер молынан ұшырасады. Айталық, батыс тарихшыларының қазіргі Ресей территориясында «Тартар» атты мемлекет болған, халқы тату-тәтті бірлікте, өзара сыйластықта әрі молшылықта өмірленген деп жазбалап жүргендері осы Шығай (Сығай) мемлекеті.

Таң династиясы билігі тарихнамасында былай деп жазылған. Теріскей Азияда түздік жұрттардың алып екі мемлекеті бар. Оның бірі, яғни Теріскей Азияның шығысында орналасқаны Қытан, немесе Қидан, немесе Чидан (Ляо мемлекеті) мемлекеті деп аталады. Ал батысындағысы Шығай (Сығай) мемлекеті. Екі мемлекетте де түрк және моңғол тілдері қатар қолданыста. Ханзулар Шығайларды (Сығайларды) татан (татар) деп атамалайды. Шығайлар ауыз бірлігі мығым әрі жауынгерлік қабілеттері өте жоғары халық. Ханзулар олардан қатты сескенеді. Ұлы халық санап құрмет бұтады [4].

Беріректе табылған бітік тастарда таңбаланған руналық жазбаларда Шығайлар (Сығайлар) «отыз оқ татар» деп ұлықталған. Демек, шығайлар 30 этностық бірліктен құрылымдалған мемлекет халқы болған.

Сібірді жаулап алысымен жергілікті этностардың бірігіп, өздеріне қарсы көтерілуінен сексенген Ресей патшалығы ченеуіктері оларды бір-біріне айдап салып ұрыстырып-керістіріп отыру саясатын ұстанды.

Осыған қарамастан сібірлік этностар бір-бірімен ұрысып-керіспей өзара сыйластықта өмірленді. Себебі олар өздерінің түпкі шығу тектерінің бір – түрктекті екендіктерін жақсы білген. Әрі оны ұмыттырмай ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап, шежірелеп беріп отырған.

Мұның растамасына алысқа ат шаптырмай, орыстардың өз тарихшыларының еңбектерінен-ақ ондаған мысалды дәлелдемеге келтіруге болады.

«Сібір хандығын түрк-моңғол текті ру-тайпалар – қоңырат, керей, дүрмен, найман, жалайыр, салжигут, қошы, ұйғыр, аялы, башқұрт, жағалбайлы, табын, маңғыт, сығай, т.б. құрылымдайтындығы Ремизов, Есипов және тағы басқа орыс жылнамаларында құжатталып қалған» [5].

«Сібір татарларының арасында осы уақытқа дейін өздерін ноғаймыз немесе маңғытпыз дейтіндер өте көп» [6, 25–30-бб.].

«Сібір татарларының қайсыбіреулері өз ата тектерін орта ғасырлық ноғайлардан таратса, ал өздерін маңғытпыз деп есептейтіндер шығу тектерін сонау есте жоқ ескі замандадан бері қарай термелейді» [7, 78–80-бб.].

Осыдан-ақ Сібірдің сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай, қазіргі ресми тарих, Сібір татарлары деп атайтын түп тектері түркілік этностардың атамекені екендігі білінеді.

Сібірлік түрктекті этностардың «Сібір татарлары» деп атала бастауы өңірді орыстардың жаулап алып, отарына айналдырғаннан бері қарай тұрақтанған аталым.

Ал, «сібір» жалғауынсыз, тек «татар» этнонимінің қолданысқа енгізілген мезгілі 5–9 ғасырлар аралығы. Ежелгі қытайлар осы уақыттар аралығында өздерінің теріскейін, оңтүстігі мен батысын мекендеген көшпелі халықтардың түбі бір деп есептеп, олардың барлығын бір атаумен «татандар» деп атаған. Қытай тілінде «Р» әрпінің айтылмайтындығы өзінен-өзі белгілі. Былайғы халық бұл атауды «татарлар» деп қабылдаған.

Міне, сонан бері түбі бір өзара туыстас түркі тектес сібірлік халықтарды «бұлар, татарлар» деп атау әлем халықтары тілінде берік орнықты. Оларды тек ежелгі замандардан бері қарайғы өмір сүріп келе жатқан тұрғылықты жерлеріне орай «Абақан татарлары», «Барабалық татарлар», «Омбылық татарлар», «Тобыл татарлары», «Тюмень татарлары» деген сияқты атаулармен атайды.

Ал, олардың түбі бір түркі тектес ұлттармен (мысалы, татарлармен және тағы басқалармен) теңестіріліп, жеке ұлт ретінде аталуы 1994 жылы ресми түрде Ресей халықтары реестріне енгізіліп, заңдастырылды. Оған негіз қалаған Тюмень облысы татарлары ассоциациясы 1991 жылы жинақтап, тиісті тіркеу органдарына тапсырған куәліктік құжаттар болды. Онда Сібір татарларының түп төркіні жергілікті байырғы халықтар екендігі куәландырылған-ды. Осы негізде сібір татарлары жеке этностық құрылым ретінде танылды. Сөйтіп, сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай Сібірді мекендеп келе жатқан түркі тектес байырғы этнос ретінде Ресей халықтары тізіміне енгізілді [8, 7-б.].

Сібір татарларының қазақтармен түбі бір туыс халық екендігі де дәлелденген ақиқатты шындық. Оған мысал ретінде орыс ғалымдардың еңбектерінде мазмұндалған этногенетикалық, этнографиялық және топонимикалық мәліметтерді дәлелдеме етуге болады. «Ертіс өзенінің төменгі ағысын мекендейтін сібірлік халықтар өздерін қазақтарды құрылымдайтын қыпшақ, қоңырат, естек, жалайыр, шапырашты, т.с.с. өзге ру-тайпа жұрттарымен шығу тегіміз бір халықпыз» - дейді [9, 133–159-бб.].

Ал, сібір татарларының тұрмысы мен шаруашылық жүргізуінің, этномәдениетінің, салт-дәстүрінің, киім тігу, өрнек тоқу, қыз ұзату, келін түсіру және басқалай жөн-жоралғыларының қазақтардыңкімен бірдейлігі Ф.Т. Валеев пен Н.А. Томиловтың бірлесіп жазған қызықты зерттеуінде, сондай-ақ Ю.Г. Мухаметшиннің, Р.К. Уразманованың, Е.Ю. Смирнованың, С.В. Суслованың, Н.А. Халиковтың еңбектерінде мазмұндалған [10; 11; 12; 13; 14; 15]. Сонымен қатар орыс зерттеушілері сібір татарларының тарихын, этнографиясын және тілін екшелегенде көбіне көп археологиялық, фольклорлық және топонимикалық мәліметтерді дәлелдеме ретінде пайдаланады. Айталық, ғалым-лингвист, тюрколог В.В. Радлов орыс шығыстанушыларының тарихында бірінші болып сібір татарларының жанды тілін жазып алып, 1872 жылы Санкт-Петербургте жеке кітап етіп жариялады [16]. Ол сібір татарлары тілін зерттеулермен қатар, олардың шығу тегін, ділін анықтау мақсатында арнайы этнографиялық зерттеу экспедицияларын ұйымдастырды. Зерттеу нәтижелері сібірлік жергілікті ру-тайпалардың түбі бір түркілік жұрттар екендігін анықтап берді [17].

Оған, - дейді зерттеуші Х.Ч. Алишина, - 120 жылдан астам уақыт өткеннен кейін В.В. Радлов экспедициясының ізімен жүріп өтіп, біз анықтаған адам, ру, тайпа аттарының, жер, су, тау, үстірт, асу, жайылым, көл, тұрақ, т.с.с. атаулардың әлі күнге дейін бірдей екендігі дәлел бола алады [18]. Мысалы:

БАЙҒАРА – Байғара кенті. В.В. Радлов байғараны маңғыт бірлестігінің Сығай тайпасының аса ірі Байғара руының атауы деп белгілеген.

АБА – Абаул кенті. Аба бұл Сығай тайпасының руы. Сығайлар Абақан татарлары құрамына кіреді.

АҚ – орыс тілінде «белый». В.В. Радловтың түсіндіруінше «ақ» сөзі көптеген этнонимдерге ортақ. Көптеген сөйлемдерге жалғаулық ретінде «ақ» сөзімен қатар «сары» - желтый, светлый, белый, «қара» – черный, «қызыл» – красный сөздері қосылып жазылады. Мысалы, ру аты «ақ чистар» /йышлар/- абақан татарларының бір руы. Ақ-коль (кул) – сығай тайпасы руы.

АҚ-ТАМАТ (Ақболат) – телеуттер. Ақ кьолы (Ақ қойлы) – қарақалпақтардың бір руы. В.В.Радлов талдаған «ақ-коль» этнонимі Тюмень облысының бірқатар жер атауларында кездеседі. Айталық, Жоғары және төменгі Акияры, Белая кенті, Яр Ак-каш, Яр Ак-балчык, ауыл Аккас, деревня Ак-су, деревня Белая Дуброва, т.т.

АСАН – оз.Асанкуль. Вг., покос асан, Вг., холм Асан-тубэ, В.В. Радловтың түсіндіруіне қарағанда, асан – халық (народность) атауы. Олар Алтай тауларын мекендейді. Зерттеуші Б.О. Долгихтің дәлелдеуінше асан тайпасы Алтай тауларында ариндермен (арғындармен) және чулым татарларымен көрші қоныстанған [19].

АВАТ – Г.А. Гейбуллаев жазып алған түрік тектес тайпалардың бірі. Тюмень облысында осы атаумен үндес бірнеше деревня аталған. Уват деп аталады. Сонымен қатар «Уват» атты өзен, «Уват» атты көл бар. А-У әріптері қазіргі түркі тілес халықтарды жиі ауысып айтыла береді. Тіптен, жергілікті ноғайлар тілінде А-Ы-У болып та ауысады. Бұл атауды жергілікті ноғайлар «Ыват» деп атайды [20].

БАЛТА – түрік тектесі халықтардың бір тайпасы атауы. Тюменьде Балта атты өзен ағады. Оның жағасында Балта атты ауыл орналасқан. Қазір өзенді Балдой, деревняны Мачурино деп атайды.

БИКЭТИН (бесентин) – тайпа атауы. Р.Г. Кузеевтің анықтауына қарағанда угролардың ұрпақтары. Түркіленген Батыс Сібірдің жергілікті тұрғылықты халқы. Олар башқұрттардың, қазақтардың құрамында бар. Тюмень облысында Бегитино деревнясы бар.

ИШТӘК (естек) – деревня Истяцкая. Иштәк тайпа атауы. Д.Г. Тумашеваның түсіндіруінше бұл ұғым «остяк» түсінігінің бұрмаланған атауы. «Иштәк» башқұрттардың айлын тайпасының атауы. Естектер деп Сібір татарларының бір шамасын атаған [21].

ИНТЭР – Индер деревнясы. Ру аты. Бұл ру қарақытайлардың // кидандардың тайпалық одағының бір тармағына жатады. Ру атымен Индер (Инзер) өзені аталған.

КЪАЛА – Қала, кент. Қала – қырғыздардың бір руы атауы (В.В. Радловтың анықтамасы).

КАН – В.В. Радловтың түсіндіруінше алтай татарларының бір тайпасының атауы.

КАРА – черный, село черное. Қарасулы ауылы, Қарасу көлі. В.В. Радловтың түсіндіруінше көне түркі тілдерінде «КАРА» сөзі қосымша жалғау ретінде өте көп қолданылған. Мысалы, қара қырғыз, қара қалпақ, қара қойлы, қара сирақ, қара сеңгір, қара қыпшақ және т.б.

ҚАРҒА – аудар. ворона: Қарғалы селосы, Қарғалы тобэ. Түркі тілдес халықтарда кеңінен қолданылады.

КАРМАК – Осыдан 200 жыл бұрын өзен атауы болатын. Қазір ірі кент. Аудан орталығы (Тюмень облысында).

КАСКАР – Каскарка өзені кіші (Малая) Каскарка, Каскар этнонимі қазақ жүздерінің бір тайпасының атауы болуы мүмкін.

КАТАЙ – Қытай. Катангуй деревнясы. Катай селосы. Этноним «қытай» түркі тілдес қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ноғай, татар, башқұрт т.с.с. халықтардың барлығының құрылымында бар тайпа атауы. Мысалы, қытай тайпасы жұрты башқұрт халқының ірі бір бөлігі.

КЕРЕЙТ – Этнонимі «керейт» ежелгі керей тайпасының бір бөлігінің атауы. Ібір-Сібірде Тайбұға хандығы кезінен бері аталып келе жатқан «керей» және «керейт» атаулары молынан ұшырасады [17].

КОСАЙ – Къушай йылға өзені. Қосай этнонимі қыпшақ ұлысы бірлестігінің бір тайпасының атауы. Қазақ жүздері құрылымында аталады.

КОЗГЫН – покос Козгын йахан. Ресми тілде Сузгун деревнясы. «Қытай» тайпасы руларының бірінің атауы.

КЫЗЫЛ – остров Кызыл қыбыкъ. Қызылбай көлі, Қызылбай ауылы «Қызыл» ұғымы түркі тілдес халықтарда көп қолданылады. Мысалы, қызылбаши, қызылыцы, қызыл-кая. Енесей естектерінің «шу» руы «кызылысмесь телеуттері деп аталады» [17].

МЭЗЕН – уроч. Мэсен йуге, Яр., уроч. Мэсэн къууакъ, Яр., Мезенка деревнясы, Мэзен поселкесі т.б. Меркут – Беркут селосы. В.В. Радловтың «Этнографикалық шолуында» Алтай және Орта Азияны мекендейтін үш түркі тілдес ру аты аталады.

САГАЙ – уроч. Сагайский угол, «тегенские (сагай) на оз. Тегенском. Кашегальская волость, Тобольский округ, 21 Хозяйство, 57 мужчин, 49 женчин». Сы гай – племя абаканских татар.

САТЫЛҒАН – деревня Сатылгъан. Сатылған қара қыпшақтың бір аталығы.

САЛАИР – Салаирка өзені, деревня Салаирка. «Джалаир» – орыс түркістанының отырықшы татарлары.

САИН – Саинкуль көлі. Озеро Исиккуль. Саинрод сагайского племени абаканцев.

СЕИТ – о. Сеют. Ял (1850). д. Сеиты (татарша Сэйит). «ю. Сейтовские на рч. Казбаевке». Сеит – қазақтардың қара қыпшақ тайпасының руы атауы.

ТАНКЫТ – «танкытлар» этнонимі. Танкыт, тангут – көне түрік этнонимі, жер атауы.

ТОКУЗ – ю. Токузские (1897). – Токуз деревнясы. Түркі тектес халықтар тілінде кеңінен пайдаланылады. Мысалы «тоғыз оғыз».

УКИ – деревня Уки, деревня Кушуки. Уки – көне түрік тайпасы атауы.

УТЕШ, УТЯШ – С. Утешово. Тамды өзенінде. (Калымаул). Адам аты, мысалы, Утяш Исеньяров, Утяш Сафаров және Сабарбек Утяшев – Тархан жұрты адамдары. Финугор тілінде Атяш – ер адам атын білдіреді.

ЧУНГИС – татар қаласы Чинги тора атауы. Қазіргі Тюмень қаласы. Чунгис – Алтай татарларының ач – кэштим тайпасының атауы.

Жоғарыда мысалданған атаулар В.В. Радлов өмірленген уақытта қалай аталса, қазіргі күндері де солай аталады [18].

В.В. Радловтың түсіндірмелері бойынша, жоғарыда аталған адам, ру, тайпа, жер, су, тау, көл, т.б. атаулар түркі тектес халықтар қойған атаулар. Қазақ тіліне, башқұрт тіліне, алтайлықтар тіліне, ортаазиялық түркі тектес халықтар тіліне ортақ атаулар.

Қазіргі Сібір жерінде В.В. Радлов өз еңбегінде жеке-жеке атап көрсеткен маңғыт, сығай, қырғыз, хотан, асан, қарға, ноғай, қалмақ, тоғыз, айын, естек, байғара, шапырашты, жалайыр және басқа да көптеген түркі тектес ру-ұлыстар ұрпақтары өмір сүруде. Олар осы күнге дейін көп этнонимдерді, мысалы, адам, ру, тайпа, ұлыс, жер, су, тау, мал, аң-құс, т.т. атауларын ескіше көне түркі тілінде атайды.

Түп негіздегі арғы түрктен халықтардың Сібірде аяқтанып, қанаттанғандығын растамалайтын артефактілік айғақтар жеткілікті. Мұның растамасына Сібірден табылып, аршылған және түрктен халықтардікі екендігі дәлелденген монументті ескерткіштерді, материалдық және рухани дүниелерді он-ондап мысалдауға болады.

Айталық солардың бірі 1997 жылы археолог П.И. Шульга Қазақстанмен шекаралас ресейлік Алтай аймағынан қазып алған Алтын адам. Бұл алтын адам қазақ археологтары Қазақстанның Алматы обылысындағы Есік және Шығыс Қазақстан обылысындағы Берел аймақтарынан табылған Алтын адамдарға ұқсас, әрі киімдері алтын тоғаларға толы болған. Ал жанына тасталған зергерлік алтын бұйымдар саны 1800-ден асқан. Барлығының салмағы 1 кг-ға жуықтаған. Мүрде үстіне жабылған киіз жапқыштардан да алтын қиршықтары төгілген.

Алтын адамды түр-түстеу нәтижесі ж.с.д. мыңжылдықтарда өмірленген түрктен тұлға екендігін айғақтап берді.

Жалпы ресейлік ғалымдардың сібірлік халықтардың шығу тектерін, тұрмыс қалыптарын, этнографиясын, фольклорын, т.т. зерттеулері XVIII ғ. бастау алады.

Айталық, 1733 жылы Алтай өлкесін зерттеуге жіберілген ең алғашқы экспедицияны ғалым Г.Ф. Миллер басқарған. Ал, осыдан 10 жылдан кейін, яғни 1744 жылы Сібірдің оңтүстігін зерттеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға ғалым П.С. Паллас жетекшілік еткен. Осындай және осыларға ұқсас өзгеде зерттеу нәтижелері орыс және еуропалық халықтардың сібірдің жергілікті түрктен абортгендерінің тұрмыс қалпымен, шаруашылық жүргізу, өндіру, өңдеу және мәдениет жетістіктерімен, наным-сенімдерінің, жөн-жоралғыларының және ауыз әдебиетінің үлгілерімен танысуға ықпал етті.

Келе-келе археологиялық қазба жұмыстары да қолға алынды. Мысалы, 1865 жылы түрколог-ғалым В.В. Радлов Бұқтырма өзенінің бойындағы Берел жазығында ерте темір дәуіріне жататын «Берел» обасын қазып, зерттеді.

1911 жылы А.В. Андрианов батыс Алтайда Черновая, Солнечные Белки, Майемір деген жерлерде түрктен халықтардыңкі делінген обаларды ашты.

1927 жылы С.И. Руденко Қатынқарағайда, 1956–65 жж. С. Сорокин Берел, Күрті, Қатын, Құмайда алғашқы темір дәуіріне жатқызылған ескерткіштерді тапты.

Қазақстан өз егемендігіне ие болғаннан кейін қазақстандық археологтар З. Смашев және Ә. Төлебаев басқарған археологтар Берелдегі бірнеше обаларды аршып, әлемдік деңгейде бағаланған археологиялық жаңалықтар ашты. Алтын адам тапты. Дала мәдениеті жөнінде мол мағлұмат берген Шелекті және Берел жерінде жүргізілген қазба жұмыстары археология ғылымының көкжиегін кеңейте түсті. Сібірлік түрктен халықтардың тарихы

олар тіктеткен мемлекеттік құрылымдардың гүлдену және тұрғындарының молшылықты өмірлену деңгейлерінің ғана емес, рухани кемелділік деңгейлерінің де өте жоғары болғандығын әлем халқына паш етті. Көшпелі халықтар мәдениетінің өте жоғары деңгейде дамығандығы дәлелденген ғылыми тұжырымдар жасауға ұйтқылық жасады.

Жалпылай айтқанда Сібірден, соның ішінде ең алдымен оның Алтай таулы аймағынан аршылған Күрті (ж.с.д. 8–7 ғғ.), Майемір (ж.с.д. 7–6 ғғ.), Пазырық (ж.с.д. 5–3 ғғ.) және Құлажорға (ж.с.д. 3–1 ғғ.) көне дүние ескерткіштері сібірлік түрктен этностардың мәдениеті жөніндегі ғылыми танымды байытты. Сібірлік түрктен этностардың көне дәуірлердегі шаруашылығы, мәдениеті, өндірісі, өңдеу өнеркәсібі, өнері туралы бұрындарғы қысаң тұжырымдарды терістетіп, жаңаша пайымдауларға жол ашты. Сібірлік түрктен этностардың болмыстық тарихын тереңдете түсуге бағдарланған жобаларды көбейте түсті.

Сондай археологиялық зерттеу жобаларының бірі – Пазырық мәдениеті ескерткіштерін зерттеу жұмыстары әлі күнге жалғасып келеді.

Тарихтан хабары бар адамға белгілі, әдетте, ежелгі мәдениет ескерткіші шоғырланған аумақ сол аумақта алғаш рет табылып, аршылған тұрақ атымен аталады.

Осыған сәйкес Алтай таулы аймағындағы Үлкен Улаган өзені шатқалдарының бірі – Пазырық шатқалынан қазылып алынған 5 обадан табылған көне дүние ескерткіштері – Пазырық мәдениеті деп аталған. Ал, шындығында Алтай таулы аймағынан қазылған көне дүние ескерткіштері ондап саналады. Солардың бірі әрі ең көнесі ж.с.д. 9 ғасырдың аяғы мен 6 ғасырдың бірінші ширегі арасын қамтитын Бий мәдениеті ескерткіштері.

Дей тұрғанмен, біздің пікірімізше, Пазырық мәдениетін де, және де сібірден табылып, аршылған барлық көнедүниелік мәдениет үлгілерін бір аталыммен «Түркілік мәдениет ескерткіштері» деп атаған дұрыс секілді. Себебі сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай Сібірде өмір сүріп келе жатқан түрктен этностар, мысалы, динлиндер батыста, Кузнецк Алатауынан шығыста Байкал көліне дейінгі жерлерді жайыла жастанып, «Тағар» мәдениетін қалыптастырған. «Ұйық» мәдениетін қалыптастырған кюйшәлер (қыпшақтар) Тыба өңірі мен Үлкен көлдер шүңгілінде мекендеген. Қырғыздар солтүстік-батыс Моңғолияда (хархиснур көлінің оңтүстігінде) тұрғыланса, «тақта тас» (плиточная могила) мәдениетін соққан шыңлилер (ежелгі маң, маннай, маңғытай) Көгемен тауында мекендеген. Хуньюйлер (хунгур) Таулы Алтайдағы Пазырық мәдениетін түзген.

Соңғы аталған, яғни Пазырық мәдениетінен қазып алынған мүрделердің бет-әлпеттерінде еуропеоидты және монголоидты расалардың аралас белгілері байқалған. Ал Құлажорға мәдениеті Пазырық мәдениеті үлгілерінің жаңа сатыдағы жалғасы деп бағаланған. Обалардан адам сүйектерімен бірге хайуанат стилінде өрнектелген зергерлік бұйымдар көп табылған. Солардың ішінде бұғының, бүркіттің, таутекенің, бөрінің және үй малдардың бейнелері өте тартымды бейнеленген. Осыған қарағанда Таулы Алтай өңірі халқы мәдениеті, шаруашылығы, діни сенімі берік мемлекеттік құрылымда өмірленген сыңайлы.

Оның растамасына Пазырық мәдениетінен (ж.с.д. 5-3 ғғ.) көп бұрын, яғни ж.с.д. 9 ғ. Таулы Алтайдағы Бий өзені бойында аяқтанған Бий мәдениетінің орнын тауып, оны аршыған археологтардың есептік жазбаларын мысалдауға болады.

Бий мәдениеті Таулы Алтайда ж.с.д. мыңжылдықтарда өмірленіп, өсіп-өнген түрктен халықтардың бірі – хуньюйлердің (хунгур) мәдениет ескерткіштерінің бірі болып табылады.

Бий мәдениет ошағы Пазырық мәдениетіне қарағанда көп кейін, атап айтқанда, 20 ғ. 90-шы жылдары ғана қазыла бастады.

Дегенмен оның қайсы бір ескерткіштері қазыла бастауларынан көп бұрын-ақ белгілі болатын. Әрі олардың бірнешеуі ежелгі замандарда-ақ қазылып, тоналған сыңайлы. Сонда да болса қазылған қабірлерден табылған заттар, адам және жылқы сүйектері Бий хунгураттарының тұрмыс-тіршіліктерінен тәп-тәуір айғақтық артефактілер жинақтауға мұрындық бола алды. Біріншіден, жерленгендердің басым көпшілігі әйел жыныстылар мен

жылқылар. Әрі жерленген әйел жыныстылардың жасы бар-жоғы 20–50 жас аралығындағылар. Соған қарағанда ер адамдар көбіне көп жаугершілік жорықтарда жүріп, алыс жақтарда өлген. Немесе алыс атраптарға аң аулауға кетіп, сол жақтардан қайтпай қалған. Қазылған қабірлерден бірен-саран ғана қару-жарақтар табылған. Ал, бұл жергілікті халықтың көбіне көп жоғарыда көрсетілген аралықта бейбіт өмір сүргендігін білдіреді.

Сондай-ақ, зерттелген көне ескерткіштер кешендері отбасылық шаруашылықта, атап айтқанда, мал бағымы мен күтімінде еркектермен қатар әйел жыныстылар да айтарлықтай еңбектенгендіктерін айғақтап бере алады. Соған қарағанда, ер адамдар алыс жаугершілік жорықтарға аттанғанда мал бағымы мен қонысты күзету міндеттерін әйелдер атқарған секілді. Сонымен қатар, табылған айғақтық заттар: тұтыну ыдыстары, еңбек құралдары, қару-жарақ түрлері, құрал-саймандар, өлгендерді жерлеу тәсілдері, тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ерекшеліктері арғы түрктен халықтардың белгілі этносы белгілі бір өңірде тұтаса, қанаттаса жинақы қоныс тепкендігін білдіреді. Киіз үйлер арба үстіне тігіліп, оларды ондаған өгіздер сүйреп бір жерден екінші бір жерге жеткізіп отырған секілді. Ал, кейбір қабірлердің биік обаланып үйілуі, оларда ру басылары, немесе дилы отбасылары ақсақалдары жерленгендігін білдіреді. Өйткені, ондай жандар рулық бірлікті нығайтуда, немесе отбасылық берекелікті жандандыруда айтарлықтай рөлдер ойнаған.

Осының өзі ерте дәуірлерде-ақ хунгураттардың таптық жіктерге бөліне бастағандығын білдіреді. Мұны, сонымен қатар, биік тау етегіне тұрғызылған Ұйық қорғанындағы биік оба етіп үйілген мазарды қазу барысында да ап-анық байқадық. Мазар жан-жағынан 27 метр қашықтықта айнал қоршалған. Қабір басына биік бітіктас қондырылған. Оның бетіне бедірленіп ойып жазылған жазулар өшіп қалған. Қабір иесінің аяқ жағына бірнеше жылқы қоса жерленген. Қабір ішіне қойылған ыдыстар басқа, бірақ осы аймаққа жақын жерлерден қазылып алынған тұрмыстық заттарға тән, немесе өте ұқсас. Қабірдің батысын ала 7, шығысын ала 13 «бұғы» бейнелері бедірленіп ойылған балбалдар бой көтерген. Соған қарағанда, этнос билеушісі өзінен жоғары тұрған ешқандайда билеушіге тәуелденбей, өз жұртын өзі билеген сыңайлы. Оған оның жерленуінің патшаларды жерлеу дәстүріне сай «Қорған мәдениеті» (Курганская культура) дәстүрінде көрінгені де куәлік ете алады.

Пазырық мәдениеті жерлеу рәсімдеріне қарағанда, 15–17 жас аралығынан жоғары жастағылар жерленгенде олардың беліне қанжар байланған. Қайсы біреулері қару-жарақпен толық жерленген. Ал, жерленген әйелдер әдеттегідей бояну құралдарымен, әшекейлі бас киімдерімен, мойындарына, білектеріне таққан зергерлік бұйымдармен жерленген. Еркектердің де, әйелдердің де белдері шығу тектерін, этностық белгілерін білдіретін шайы орамалдармен буылған.

Жерленген қабірлерде әйелдерге қарағанда ер адамдардың әлеуметтік мәртебелері жоғары саналғаны байқалады. Оны жерленген қабірлерде оларға тиесілі тұрмыстық заттардың молынан қойылуынан байқауға болады. Сонымен қатар, ері мен әйелі бірге жерленген қабірлер де кездеседі. Мұндай қабірлер зираттардағы барлық қабірлердің жартысына таман жуығын құрайды.

Жалпы Таулы Алтайды мекендеген хунгураттарда ағасы о дүниелік болып кеткенде жеңгесіне үйленуі сол замандарда-ақ көрініс берген көрінеді. Бұл өзі бір жақсы дәстүр: ағасынан қалған бала-шаға жетімдік көрмей, ағайын-туысы арасында еркін, ойнап күліп, ер жетеді. Жоқшылық көрмейді.

Сонымен қатар, сонау есте жоқ ескі замандардан бері қарай көшпелі халықтардың арасында осы уақыттарға дейін үзілмей жалғасып келе жатқан қатаң тәртіп – он атаға дейін өзара руластарынан қыз алыспау, қосаққұрмау құқы (заң жүзінде бекітілген) хунгураттар арасында да қатаң сақталған сыңайлы. Ал, мұның өзі этностың дені сау мығым, қуатты, ірі болып өсіп-өнуіне ықпалын кәдімгідей тигізген. Қабірлерден қазып алынған адам сүйектері ірі болып келді. Соған қарағанда Таулы Алтай хунгураттары ірі денелі, мығым, нағыз далалық барыс секілді айбатты, келбетті адамдар болған сияқты. Олардың сом денелі, ірі

болуларына Таулы Алтайдың таза ауасы, халықтың ауқаттылығы, ішім-жемінің молдығы да ықпал еткен секілді.

Таулы Алтай хунгураттары негізінен мал бағымымен айналысқан. Қайсы біреулері қол өнері, етікшілік, ұсталық кәсіппен: темір, мыс, қола, қалайы, күміс алтын ерітіп, өнер туындыларын жасаған, тері илеген, киіз үй жасаған, т.с.с. айналысқан. Десек те, Таулы Алтайды ж.с.д. IX–II ғасырлар аралығында мекендеген хунгурлар өз мәдениеттерін түзгенде оны басқалардан бөліп алып көрсете алатындай өзгешелікте көріністендіре білген. Айталық, жерленген адамдардың белдеріне қанжар байлануы; әрқайсысына тиесілі мініс аттарының бірге жерленуі; көтерілген обалардың барлығы дерлік «қорған мәдениеті» стилінде көтерілген; зираттар мен қабірханалар, әдетте, олар мекендеген жерлерге жақын орналасқан; маң дала төсінде алыстан мұндалып көзге түсетіндей етіліп, өте биік зәулім обалар болып тұрғызылған. Әсіресе, ел билеушілері мен абыздарға арнап көтерілген обалар, жәй адамдардың басына үйілген белгілерге қарағанда зәулімділігімен ерекшеленеді.

Сонымен қатар Ұйық, Қатан, Шибі тұрақтары қазылғанда хунгураттардың темір өңдеп, металл қорытумен де, ұсталықпен де кеңінен шұғылданғандығы байқалады. Олар қыш құмырларды да жасаған, су тарту үшін қыш құбырлар соғып, оны су айдау каналдары, немесе канализациялық құбырлар ретінде де пайдалан білген. Демек еуроцентристік тарихшылардың көшпелілер тек мал бағумен айналысқан деп тон пішулері шылғи өтірік, жалған пайымдаулар. Хунгураттар тігіншілікпен де айналысып, небір әдемі тон пішкен, әшекейлеп әйел киімдерін тіккен. Алғашқы болып түлкі, қасқыр, аю, арыстан, жолбарыс терілерінен жылы тон, камзол, малақай, бөрік тігіп киген. Ағаштан небір әсем қолөнер туындыларын жасаған. Мұндай ісмерлік қалыптары Таулы Алтайды мекендеген хунгурлар бойында олар пазырық мәдениетін қалыптастырмастан көп бұрын – ж.с.д. IX ғасырға тән Бий мәдениеті қалыптасқан замандарда-ақ көріне бастаған.

Таулы Алтайлық көшпелілер бейбіт өмір сүруге құштарлық танытумен қатар, жиі-жиі алыс аймақтарға жаугершілік жорықтар да жасап тұрған. Осыған сәйкес, жаугершілік жорықтарға шығу Таулы Алтай хунгураттары үшін де әдетті құбылыс саналған. Ұлыс халқы түгелге жуық (әйелдерді де қоса) соғыс өнеріне жатық болған. Өйткені, жау қайдан келіп қалар деп үнемі сақтықта отыратын көшпелі халық үшін мініс атының есік алдында байлаулы тұруы, қылыш, найза, шоқпар, айбалта, садақтың киіз үй керегесінде ілулі болуы үйреншікті жағдай – тұғын. Оның үстіне олардың әскери ойындарға жаттығуы, өсіп келе жатқан жас ұрпақты соғыс өнеріне баулулары күнделікті іс болып саналатын. Өйткені мал бағумен көп болса оншақты-ақ адам айналысуға болады. Сонда қалғандары не істейді? Әрине, соғыс өнеріне жаттығады. Таулы Алтайлық хунгурларда атты жасақтармен қатар жаяу әскерлерде болған көрінеді. Оған Уылдырық I тұрағы жанындағы қорымнан қазылып алынған жауынгерлер бойында бес қаруы түгел болғанымен, олардың мініс аттарысыз жерленгендіктері куәлік ете алады. Сонымен қатар, тарихи дерек көздеріне қарағанда, Таулы Алтайды мекендеген хунгураттарда, сондай-ақ, олармен қатар Алтай-Саян тауларын жалғастырып жатқан Мұзтаудан (бүгінгі күндері орыстар Белуха тауы деп атамалап жүрген таудан) басталып, тарамдала барып Обқа құятын Катун, Би, Шүй сарқырамалары маңын жайлап отырған маң (маннай, маң(ғ) тай) ұлысы да бірнеше мың «ат құлағында ойнаған ұрымтал және бес қаруын түгел асынған жауынгерлерді жасақтап ап шығара алатындай» жұрттары саны мол әрі өте дилы елдер болған [22].

Хунгураттар қару-жарақты темірден соққан. Ал, ат әбзелдерінің жасалуы түрік текті қауымдар өмір сүрген барлық аймақтарда жасалған осындай бұйымдардың жасалуына өте ұқсас болған. Жалпы Таулы Алтай мен моңғол жеріндегі Ноян-Ола қорымдарының арасында ұқсас белгілер көп-ақ. Соған қарағанда, моңғол үстіртіндегі қорымдар сол өңірлерде қоныстанған хунгураттардан қалған мәдениет ескерткіштері болып қалуы ғажап емес.

Екі қорым арасындағы ұқсастықтар алдымен жерлеу рәсімдерінің бір ізділігінен білінеді. Айырмашылық тек мынадан, айталық, Пазырық қорымдарында мәйітпен бірге

жылқылардың көмілуі. Ал, Ноян-Ола қорымдарында мәйіт жанында жылқы малының сүйектері көрінбейді. Ал, Минусинскідегі Таштық жерлеу рәсімінің алтайлықтармен ұқсас жақтарымен қатар өзгешеліктері бары айқын білінеді. Онда жерленген мәйіттердің беттеріне оюланған маскілер кигізілген.

Тағы бір өзгешелік, Алтай обаларынан табылған мәйіттерді зерттегенде еуропалық және моңғол рассалық адамдардың аралас өмір сүргендігінің белгілері анық байқалды.


Қорытынды

Сонымен, жоғарыдағы сараптаулардан байқалып тұрғандай, еуразиялық кеңістіктің барлық өңірлеріне жайыла қоныстанған Хунгураттардың Таулы Алтайда мекендегендері де өзгелері сияқты небір мәдениет ошақтарын орнықтырған. Оған осы өңірлердегі ескілікті елді мекендерден және қорымдардан қазып алынған мәдени ескерткіштер, мүсіндер, балбалдар, бейнелеу өнері суреттері, ою-өрнекті бұйымдар, өндіріс өнімдері қалдықтары, жерлеу рәсімдері, дүниетанымдық бейнелер куәлік ете алады.

Сонымен қатар Алтай мен Саянда әлі күнге көптеген географиялық атаулар мен гидронимдер көнетүрік тілінде аталымдалады. Жер-су атауларының таза түрік тілді бұл аталымдары осы өңірді құтты қонысына, ата мекеніне айналдырып, тұрақтап қалған хунгураттардан қалған атаулар болса керек. Айталық, мыналардай аталымдар: Ақтас (елді мекен), Қайырлық (елді мекен), Құланды (көл және темір жол станциясы атауы), Қосағаш (елді мекен), Талды (елді мекен), Байтағ (тау, көне түрік тілінде тағ-тау дегенді білдірген), Қарасұғ (сұғ көне түркілік ұғымда су дегенді білдіреді), Кө суғ (Көк су), Палых суғ (Балықты су), Айранколь (Айранкөл), Алтынколь (Алтын көл), Көкташ (Көктас), Алаш (өзен аты), Абакан (Абыған), Саян (Сойан), Хан Теңгир (өзен аты), Сойан Сабыназы (Тыба тауы), «Сойан Сабыназы» (Хунгур тауы), Койпен Сабыназы (Көгмен, Көтпен таулары), Көтенбұлақ қайнары, т.с.с.

Түріктекті халықтар мидай араласып, сан мың жыл мекен еткен, әлі де мекен етіп келе жатқан ата-мекені – «жер жаннаты» атанған Алтай – Саян таулы өлкесінің көріктілігі кімді болса да тамсандырмай қоймаған. Түгін тартса майлы, нулы, сулы, орманды, жасыл желек жамылған Алтай – Саян таулары байлыққа тұнып тұр, өзен-су, көл, дарияларында шортан балық шолпылдаған, айдын шалхар көлдерінде аққу, қаз қаңқылдаған жердің жанаты, жанына рахат үйірлетер пейішті өлке бұл. Міне осы өңірлерде бүгінгі қоңыраттардың арғы ата-бабалары ұзақ уақыт өмір сүріп, түтін түтеткен. Малшылықпен айналысқан. Егін еккен. Алтын аптап, күміс күптеп ұсталық еткен. Тау қопарып, металл қорытқан. Темірден алғашқылардың бірі болып қару-жарақ соққан. Мәдениет өркендеткен. Аяқ аттаған сайын кездесетін биік оба етіп үйілген қорымдар, тас мүсіндер, археологиялық қазбалар нәтижесінде аршылған аса бағалы мәдениет ескерткіштері әлем ғалымдарының назарын әлі күнге өзіне аударуда. Биік етіп оба үю дәстүріне сай археологтар «Қорған мәдениеті» деп атамалап кеткен мәдениет үлгісін өмірге келтірген. Қорған демекші «қорған» атауының өзі де көне түріктің «қорыған» деген ұғым-түсінігінен туындаған атау. Өйткені, ел басшылары жерленген обаларды кем дегенде 50 атты жауынгер күзетіп, қорып жүретін болған (1-сурет).

Мәйітпен бірге қабірге қару-жарақ, ат әбзелдері, ер-тұрман, үзеңгі, тағы да басқа жауынгерлік жарақтар, ыдыс-аяқ, киім-кешек, зергерлік бұйымдарды бірге көмген. Қорғанның ішкі қабырғаларына жүннен жасалған түскиіз, кілем ілінген, еденге кілем төсеген. Мұның бәрі алтайлық хунгураттардың о дүниеде де өмір бар деген ұғым-түсініктерінен, әруаққа табыну дүниетанымынан туындаған. Олар күнді күдірет санап, күнге табынған. Дүниенің жаратылуы күн нұрының қуатынан деп түсінген. Сондықтан күнді, көкті күдірет санап Тәңірі деп атаған.



1-сурет – Хуньюй (хунгур) патшалары обаларын күзеткен жауынгерлер (Қорған мәдениеті)

Хунгураттарда тарихи тұлғалар туралы жыр-дастандар мол болған. Қазіргі ғылыми таным «Алпамыс батыр» жырының ең алғашқы нұсқасы түпкі хунгураттар арасында туындаған деп есептейді. Оның растамасына моңғол тілді халықтардың эпостық жыры «Гэсэр» мен барлық түрkteкті халықтарға ортақ «Алпамыс батыр» жырының мазмұндарын салыстыра талдап, екі жырда да түпкі ата-бабалық жұрт – хунгураттар екіге, яғни түрк және моңғол болып бөлінбей тұрған замандардағы оқиғалар мазмұндалған дейді. Одан қалса қазіргі бурят халқын құрылымдап отырған хондогор, хори, туматтардың шығу тектері хунгураттардан екендігін тілдеріне тиек етеді. Әлі күнге Алтай-Саян таулы аймағы мен одан арғы өңірлерде мекендейтін халықтардың арасында өздерін хунгураттардан төмен қарата бұтақтандырып, таркататындар көп көрінеді. Тек олар хунгур/ат/тарды «кунгурей» деп атамалайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Клесов А. Новый взгляд на происхождение европейцев. Что показал ДНК-анализ. // YouTube. День ТВ. 19 июнь, 2020 г.
2. Ван Го-вэй. Чуань Тан Цзилинь (Гаң Таң мәліметтерінің жинағы). – «Чжунхуа – шуңзюй (Нанкин), 1923. Қосымшалар 2. Цзюань (бума) 13.
3. [Электронды ресурс] URL: <http://www.xia.nu> ss
4. Мэн-да бэй-лу (Полное описание монголо-татар) / Пер. и коммент. Н.Ц. Мункуева. – Москва: Наука, 1975. – С. 51–52.
5. Миллер Г.Ф. История Сибири. – Москва-Ленинград: изд. Академии наук СССР, 1937. Т. 1. – 157 с.
6. Томилов Н.А. Этническая история тюркоязычного населения Западно-Сибирской равнины конца XVI – начала XX в. – Новосибирск: изд-во Новосибир. ун-та, 1992. – 271 с.
7. Селезнев А.Г. Барабинские татары: Истоки эпоса и культуры. – Новосибирск: Наука, 1994. – 176 с.
8. Рыжикова Т.Р. Консонантизм языка барабинских татар: сопоставительно-типологический аспект. – Новосибирск: Изд-во СО РАН, 2005. – 266 с.
9. Катанов Н.Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен. – Казань: Типография университета, 1894. – 22 с.
10. Валеев Ф.Т., Томилов Н.А. Татары Западной Сибири. История и культура /Культура народов России. –Т.2. – Новосибирск: Наука, 1996. – 224 с.

11. Мухаметшин Ю.Г. Этнографические своеобразие традиционных сельских жилищ татар Западной Сибири // Сибирские татары. Сборник статей. – Казань, 2002. – С. 86–113.
12. Уразманова Р.К. Особенности годового цикла общественных обрядов и праздников татар Приуралья // Приуральские татары. – Казань, 1990. – 92–110.
13. Смирнова Е.Ю. Традиционная одежда тоболо-иртышских татар конца XIX – первой трети XX в. // Народы Сибири и сопредельных территорий. – Томск: Изд-во Томского ун-та, 1995. – 219 с.
14. Сулова С.В. Традиционная одежда пермских татар // Пермские татары. – Казань: ИЯЛИ им. Г.Ибрагимова КФАН СССР, 1983. – 99–118 с.
15. Халиков Н.А. Этнокультурные особенности хозяйства западно-сибирских татар // Сибирские татары. Сборник статей – Казань: Институт истории АН РТ, 2002. – С. 59–85.
16. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен: В 10-ти т. – Т. 15. – Ч. IV. Наречия барабинских, тарских, тобольских и тюменских татар. – Санкт-Петербург: Типография императорской Академии наук, 1872. – 443 с.
17. Радлов В.В. Этнографический обзор турецких племен Сибири и Монголии. – Иркутск: Тип. из-ва «Власть труда», 1923. – 232 с.
18. Алишина Х.Ч. Этнический состав татар по данным топонимии // Сибирские татары. Сборник статей. – Казань: Институт АН РТ, 2002. – С. 189–204.
19. Долгих Б.О. Расселение народов Сибири в XVII в. // Советская в XVII в. // Советская этнография. – 1952. – №3. – С. 21–28.
20. Гейбуллаев Г.А. О некоторых азербайджанских этнопонимах // Советская этнография, 1952. №3. – С. 28–39.
21. Тумашева Д.Т. О двух типах аналитических конструкций с глаголами движения в татарском языке // Сущность, развитие и функции. – Москва: Наука, 1987. – С. 202–209.
22. Тишкин А.А. Погребальные сооружения курганного могильника Бийке в Горном Алтае и культура населения, оставившего их // Погребальный обряд древних племен Алтая. – Барнаул, 1996. – С. 20–54.

REFERENCES

1. Klesov A. Novyi vzglyad na proiskhozhdenie evropeicev. Chto pokazal DNK-analiz [A new look at the origin of Europeans. What the DNA analysis showed] // YouTube. Den' TV. 19 iyun' 2020 g. [in Russian]
2. Van Go-vei. Chuan' Tan Czilin' (Gan Tan malimetterinin zhinagy) [Chuang Tang Jilin (Gan Tan data collection)]. – «Chzhunhua – shunzyui (Nankin), 1923. Qosymshalar 2. Czyuan' (buma) 13. [in Kazakh]
3. [Elektrondy resurs] URL: <http://www.xia.nu> ss
4. Men-da bei-lu (Polnoe opisaniye mongolo-tatar) Man da Bay-Lu (detailed description of the Mongol-Tatars) / Per. i komment. N.C. Munkueva. – Moskva: Nauka, 1975. – S. 51–52. [in Russian]
5. Miller G.F. Istoriya Sibiri [History of Siberia]. – Moskva-Leningrad: izd. Akademii nauk SSSR, 1937. T. 1. – 157 s. [in Russian]
6. Tomilov N.A. Etnicheskaya istoriya tyurkoyazychnogo naseleniya Zapadno-Sibirskoi ravniny konca XVI – nachala XX v. [Ethnic history of the Turkic-speaking population of the West Siberian Plain of the late XVII - early XX century]. – Novosibirsk, 1992. – 271 s. [in Russian]
7. Seleznev A.G. Barabinskie tatary: Istoki eposa i kul'tury kul'tury [Barabinsk Tatars: The Origins of the epic and Culture]. – Novosibirsk: Nauka, 1994. – 176 s. [in Russian]
8. Ryzhikova T.R. Konsonantizm yazyka barabinskih tatar: sopostavitel'no-tipologicheskii aspekt [Consonantism of the language of the Barabinsk Tatars: comparative and typological aspect]. – Novosibirsk: Izd-vo SO RAN, 2005. – 266 s. [in Russian]

9. Katanov N.F. Etnograficheskiy obzor turecko-tatarskih plemen [Ethnographic overview of the Turkish-Tatar tribes]. – Kazan': Tipografiya universiteta, 1894. – 22 s. [in Russian]
10. Valeev F.T., Tomilov N.A. Tatory Zapadnoi Sibiri. Istoriya i kul'tura /Kul'tura narodov Rossii [Tatars of Western Siberia. History and Culture /Culture of the Peoples of Russia]. – T.2. – Novosibirsk: Nauka, 1996. – 224 s. [in Russian]
11. Muhametshin Yu.G. Etnograficheskie svoeobrazie tradicionnyh sel'skih zhilishch tatar Zapadnoi Sibiri [Ethnographic peculiarity of the traditional rural dwellings of the Tatars of Western Siberia] // Sibirskie tatory. Sbornik statei. – Kazan', 2002. – S. 86–113. [in Russian]
12. Urazmanova R.K. Osobennosti godovogo cikla obshchestvennyh obryadov i prazdnikov tatar Priural'ya [Features of the annual cycle of public rituals and holidays of the Tatars of the Urals] // Priural'skie tatory. – Kazan', 1990. – 92–110. [in Russian]
13. Smirnova E.Yu. Tradicionnaya odezhda tobolo-irtyshskih tatar konca XIX – pervoi treti XX v. [Traditional clothing of the Tobolo-Irtysh Tatars of the late XIX – first third of the XX century] // Narody Sibiri i sopredel'nyh territorii. – Tomsk: Izd-vo Tomskogo un-ta, 1995. – 219 s. [in Russian]
14. Suslova S.V. Tradicionnaya odezhda permskih tatar [Traditional clothing of the Perm Tatars] // Permskie tatory. – Kazan': IYaLI im. G. Ibragimova KFAN SSSR, 1983. – 99–118 s. [in Russian]
15. Halikov N.A. Etnokul'turnye osobennosti hozyaistva zapadno-sibirskih tatar [Ethnocultural features of the economy of the West Siberian Tatars] // Sibirskie tatory. Sbornik statei – Kazan': Institut istorii AN RT, 2002. – S. 59–85. [in Russian]
16. Radlov V.V. Obrazcy narodnoi literatury tyurskih plemen: V 10-ti t. [Samples of folk literature of Turkic tribes]. – T. 15. – Ch. IV. Narechiya barabinskih, tarskih, tobol'skih i tyumenskih tatar. – Sankt-Peterburg: Tipografiya imperatorskoi Akademii nauk, 1872. – 443 s. [in Russian]
17. Radlov V.V. Etnograficheskiy obzor tureckih plemen Sibiri i Mongolii [Ethnographic overview of the Turkish tribes of Siberia and Mongolia]. – Irkutsk: Tip. iz-va “Vlast vostoka”, 1923. – 232 s. [in Russian]
18. Alishina H.Ch. Etnicheskiy sostav tatar po dannym toponimii [Ethnic composition of Tatars according to toponymy] // Sibirskie tatory. Sbornik statei. – Kazan': Institut AN RT, 2002. – S. 189–204. [in Russian]
19. Dolgih B.O. Rasselenie narodov Sibiri v XVII v. [Settlement of the peoples of Siberia in the XVII century] // Sovetskaya v XVII v. // Sovetskaya etnografiya. –1952. – №3. – S. 21–28. [in Russian]
20. Geibullaev G.A. O nekotoryh azerbaidzhanskih etnotoponimah [About some Azerbaijani ethnotoponyms] // Sovetskaya etnografiya, 1952. №3. – S. 28–39. [in Russian]
21. Tumasheva D.T. O dvuh tipah analiticheskikh konstrukcij s glagolami dvizheniya v tatarskom yazyke [About two types of analytical constructions with verbs of movement in the Tatar language] // Sushchnost', razvitie i funkcii. – Moskva: Nauka, 1987. – S. 202–209. [in Russian]
22. Tishkin A.A. Pogrebal'nye sooruzheniya kurgannogo mogil'nika Bijke v Gornom Altae i kul'tura naseleniya, ostavivshego ih [Burial structures of the Biike burial mound in the Altai Mountains and the culture of the population who left them] // Pogrebal'nyi obryad drevnih plemen Altaya. – Barnaul, 1996. – S. 20–54. [in Russian]